ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2024 жылғы 4 желтоқсан №1112-24-00-2/3854 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.А.Жакупов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Су Арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Бугыбаев» Бугыбаев Данияр Дуйсенханович жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
1)мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы,
2)тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Су Арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының «Бугыбаев» Бугыбаев Данияр Дуйсенханович жеке кәсіпкерге мемлкеттік сатып алудың жосыксыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою қанағаттандырылсын.

«Бугыбаев» Бугыбаев Данияр Дуйсенханович жеке кәсіпкер мемлкеттік сатып алудың жосыксыз қатысушысы деп танылысын.

«Бугыбаев» Бугыбаев Данияр Дуйсенханович жеке кәсіпкерден Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Су Арнасы»

Документ подписан: Жакупов А. А., 04.12.2024
Дата вступления в законную силу: 14.01.2025, судья Жакупов А. А., 15.01.2025
1112-24-3-1/3875

шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 46 594 (қырық алты мың бес жүз тоқсан төрт) теңге көлемінде тұрақсыздық айыппұл және 1 398 (бір мың үш жүз тоқсан сегіз) теңге көлемінде сот шығындары өндірілсін.

«Бугыбаев» Бугыбаев Данияр Дуйсенханович жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.А. Жакупов**

Документ подписан: Жакупов А. А., 04.12.2024

Дата вступления в законную силу: 14.01.2025, судья Жакупов А. А., 15.01.2025